

## 5 PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL RESEARCH ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

FTAXP 15.21.45

ӘОЖ 159.9.07

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2023-1-2-53-62>**Қ.О. АХАН,\*<sup>1</sup>**

докторант.

\*e-mail: karkara.akhan@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-3144-5494

**А.А. КАСЫМЖАНОВА,<sup>1</sup>**

психол.ғ.к., профессор.

e-mail: a.kassymzhanova@turana-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-5802-5129

<sup>1</sup>«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

### СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ КОГНИТИВТІ-ӘРЕКЕТТІК СТИЛІНЕ ӘСЕР ЕТУІ

#### Аңдатпа

Мақалада студенттердің шығармашылық қабілеттерінің когнитивті-әрекеттік стиліне әсер етуін эмпирикалық зерттеудің нәтижелері қамтылған. Ғылыми әдебиеттерге шолу жасалынып, тақырыптың өзектілігі көрсетілген. Зерттеу Алматы қаласы ЖОО-ның 80 қазақ тілді студентіне жүргізілді. Зерттеу барысында Тұлғалық шығармашылық диагностикалау (F. Williams, модификация: Е.Е. Туник) және Когнитивті-әрекеттік стильді зерттеу (Л. Ребекка;  $\alpha = 0,927$ ) әдістемелері қолданылды. Алғаш рет қазақ тілінде қолданылып тұрған Тұлғалық шығармашылық диагностикалық әдістемесінің  $\alpha$ -Кронбах коэффициенті 0,7 екені анықталып, сенімділігі статистикалық тұрғыда дәлелденді. Корреляциялық талдау нәтижесінде тәуекелге бейімділік, қызығушылық, күрделілік және қиял сияқты шығармашылық қабілет өлшемдері мен когнитивті-әрекеттік стиль түрлері арасында тікелей оң байланыстар анықталды. Ал, Крускал-Уоллес критерийі қолдану арқылы әр шкала бойынша когнитивті-әрекеттік стиль моделі анықталды. Зерттеу нәтижесін педагог-психологтар мен зерттеушілер қазақ тілді білім алушылармен жұмыс жасағанда қолдана алады.

**Тірек сөздер:** шығармашылық қабілеттер, когнитивті-әрекеттік стиль, Z-ұрпақ.

#### Кіріспе

Адамзат өзін және әлемді дамытқан сайын өзгерістер орын ала береді. Бұл өз кезегінде келесі ұрпақтың ерекшелігіне де әсер етіп отырады. Мысалы, АҚШ зерттеушілері Нейл Хоув және Уильям Штраус ұсынған «X Y Z ұрпақ» теориясы бойынша, қай жылдары дүниеге келгендеріне қарай әр ұрпақтың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл теорияда Z-ұрпақтың қабылдауы өзгеше, олар ғылым мен техникаға, сонымен бірге өнерге де басым қызығушылық танытатыны айтылған. Z-ұрпақтың пайда болуы және өзгеше қалыптасуындағы негізгі себеп – цифрлы әлемнің дамуы [1]. Қазіргі уақыттың өзінде цифрландыру жылдан-жылға өрістеп, өзгерістердің орын алу жиілігі жылдамдауда.

Тұлға өзінің жарқын болашағы үшін өзгермелі әлемде икемді әрі бәсекеге қабілетті бола алуы қажет. Бұл жағдайда ол өзінің қабілеттері аясында когнитивті-әрекеттік стилін анықтау қажеттілігі туындайды. Өйткені, ұрпақтың ерекшелігі оның қабілеттерінде, ақпаратты қабылдап, қолдануы мен әрекет етуінде байқалуы мүмкін. Қабілет адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне жарамдылығын жақсы көрсете алады. Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін

адамның түрлі жеке қасиеттерінің қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет деп атайды. Қабілеттің дамуы оны қажет ететін қызмет саласында және әрекетке үйрену үстінде көрініп отырады. Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты [2].

Сонымен қатар, қазіргі уақытта шығармашылық қабілеттерге көп көңіл бөлінуде. Өйткені, өзгермелі әлем жаңашылдықты, икемділікті, жаңа идеяны талап етеді. Тұлғаның шығармашылық қабілеттерінің ерекшеліктері олардың бір ақпаратты қабылдауына, іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруына әсер етуі мүмкін. Сондықтан, Z-ұрпақ өкілдерінің шығармашылық қабілеттерінің когнитивті-әрекеттік стиліне әсер етуін эмпирикалық зерттеудің қажеттілігі туындап отыр.

### Негізгі ережелер

Зерттеуімізде Тұлғалық шығармашылықты диагностикалау әдістемесінің қазақ тіліне бейімдеу және студенттердің шығармашылық қабілеттерінің когнитивті-әрекеттік стильге әсер етуін анықтау мақсатын қойдық. Осыған сәйкес, мынадай зерттеу болжамдарын ұсынамыз: 1) Қазақ тіліне аударылған Тұлғалық шығармашылықты диагностикалау әдістемесінің сенімділік статистикасы жоғары болады; 2) Студенттердің шығармашылық қабілеттері когнитивті-әрекеттік стильге әсер етеді.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің когнитивті-әрекеттік стильге әсерін эмпирикалық зерттеуде Тұлғалық шығармашылықты диагностикалау (F. Williams; Е.Е. Туник) және Когнитивті-әрекеттік стильді зерттеу (Л. Ребекка) әдістемелерінің қазақ тіліне аударылған нұсқалары қолданылды.

Тұлғалық шығармашылықты диагностикалау әдістемесін 1980 ж. Williams Креативтілікті бағалау топтамасындағы (Creativity Assessment Packet) бірнеше өлшеу құралымен қатар ұсынды [3]. Ал, 1997–1999 жж. Е.Е. Туник топтамадағы әдістемелерді орыс тіліне бейімдеп модификациялады [4]. Аталған өлшеу құралы тұлғаның шығармашылық жағынан қызығушылық, қиял, күрделілік және тәуекел етуге бейімділікке байланысты ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Әдістемені жасөспірімдерден бастап барлық жас кезеңі өкілдеріне жүргізуге болады.

Бұл психодиагностикалық құрал 50 тұжырымнан тұрады. Әр тұжырымға «келісемін», «жартылай келісемін», «келіспеймін», «білмеймін» деген нұсқалар арқылы жауап береді. Осы жауаптардың нәтижесінде респонденттердің шығармашылық қабілеттерінің ерекшеліктері 4 шкала бойынша анықталады.

### Материалдар мен әдістер

Тұлғалық шығармашылықты диагностикалау әдістемесі қазақ тілінде ғылыми зерттеуде алғашқы рет қолданылып отырғандықтан, әдістеменің өңделу жолы мен шкалаларына сипаттама бере кетейік.

«Қызығушылық» шкаласы:

♦ 2, 3, 11, 12, 19, 27, 33, 37, 38, 47, 49 сұрақтарға «Келісемін» деп жауап берсе, әр тармақ екі балмен бағаланады;

♦ 28 сұраққа «Келіспеймін» жауабы 2 балмен бағаланады;

♦ Егер осы аталған сұрақтарға «Жартылай келісемін» деп жауап берсе, сол сұрақ үшін 1 балл қосылады.

♦ Егер осы аталған сұрақтарға «Білмеймін» деп жауап берсе, әр сұрақ бойынша 1 балл шегеріледі.

«Қиял» шкаласы:

♦ 13, 16, 23, 30, 31, 40, 45, 46 сұрақтарға «Келісемін» деп жауап берсе, әр тармақ екі балмен бағаланады;

♦ 14, 20, 39 сұрақтарға «Келіспеймін» жауабы 2 балмен бағаланады;

♦ Егер осы аталған сұрақтарға «Жартылай келісемін» деп жауап берсе, сол сұрақ үшін 1 балл қосылады.

♦ Егер осы аталған сұрақтарға «Білмеймін» деп жауап берсе, әр сұрақ бойынша 1 балл шегеріледі.

«Күрделілік» шкаласы:

♦ 7, 15, 18, 26, 42, 50 сұрақтарға «Келісемін» деп жауап берсе, әр тармақ екі балмен бағаланады;

♦ 4, 9, 10, 17, 24, 41, 48 сұрақтарға «Келіспеймін» жауабы 2 балмен бағаланады;

♦ Егер осы аталған сұрақтарға «Жартылай келісемін» деп жауап берсе, сол сұрақ үшін 1 балл қосылады.

♦ Егер осы аталған сұрақтарға «Білмеймін» деп жауап берсе, әр сұрақ бойынша 1 балл шегеріледі.

«Тәуекелге бейімділік» шкаласы:

♦ 1, 21, 25, 35, 36, 43, 44 сұрақтарға «Келісемін» деп жауап берсе, әр тармақ екі балмен бағаланады;

♦ 5, 8, 22, 29, 32, 34 сұрақтарға «Келіспеймін» жауабы 2 балмен бағаланады;

♦ Егер осы аталған сұрақтарға «Жартылай келісемін» деп жауап берсе, сол сұрақ үшін 1 балл қосылады.

♦ Егер осы аталған сұрақтарға «Білмеймін» деп жауап берсе, әр сұрақ бойынша 1 балл шегеріледі.

Әдістеменің интерпретациясы:

Қызығушылық факторы айқын байқалатын субъект барлық нәрсе туралы жиі сұрайды; оған механикалық заттардың құрылысын зерттеген ұнайды; ол әрдайым ойлаудың жаңа тәсілдерін іздейді; жаңа заттар мен идеяларды зерттегенді жақсы көреді, тапсырманы шешудің түрлі мүмкіндіктерін іздейді; көбірек білу үшін кітаптардағы ойындарды, карталарды, суреттерді және т.б. заттарды зерттейді.

Қиялының дамуы айқын көрінетін субъект: ешқашан көрмеген орындар туралы әңгімелер ойлап табады; өзі жауабын табатын мәселені басқалар қалай шешетінін ойлайды; түрлі жер мен заттар туралы армандайды; өзі кездеспеген құбылыстар туралы ойлайды; суретте не бейнеленгенін басқалардан қарағанда ерекшелеу көреді; түрлі идея мен оқиғаларға көп таңданады.

Күрделі құбылыстарды тануға бейім келетін субъект күрделі заттар мен идеяларға қызығушылық танытады; өз алдына қиын міндеттер қойған ұнайды; айналасындағылардың көмегінсіз үйренгенді ұнатады; өз мақсатына жетуде тұрақты; мәселені шешудің тым күрделі жолдарын ұсынады; оған күрделі тапсырмалар ұнайды.

Тәуекелге бейімділік шкаласы айқын байқалатын тұлғалар басқалардың реакциясына мән бермей, өз идеяларын қорғап шығады; алдына үлкен мақсаттар қояды және оны жүзеге асыру үшін талпынады; қателіктер мен сәтсіздіктерге мүмкіндік береді; жаңа идеялар, заттарды зерттегенді жақсы көреді және басқалардың пікірімен келісе бермейді; сыныптастары, мұғалімдер, ата-анасы оның айтқанымен келіспесе де алаңдай бермейді; нәтижесі қалай болатынын білу үшін тәуекелге барғанды ұнатады [4].

Л. Ребекканың Тұлғаның когнитивті-әрекеттік стилін анықтау әдістемесі көпшілікке «Оқыту стилін талдамалы шолу» атауымен танымал және бес түрлі жүріс-тұрысты бағалау арқылы когнитивті-әрекеттік стильді анықтауға мүмкіндік береді. Олар:

- ♦ Ақпаратты қабылдау: визуал-аудиал-кинестетик;
- ♦ Қоршаған ортамен қарым-қатынас: экстраверт-интроверт;
- ♦ Өзінің жеке тұлғалық қабілеттеріне қатынас: интуитивтік-логикалық;
- ♦ Жұмыс істеудегі тәсілі: қатаң реттелген-реттелмеген;
- ♦ Идеяларды пайдалану: аналитик-синтезатор.

Зерттеуімізде аталған әдістеменің қазақ тіліне аударылып, ұлт пен тіл ерекшелігіне бейімделген және сенімділігі жоғары нұсқасы қолданылды ( $\alpha = 0,927$ ) [5].

Зерттеу барысында Тұлғалық шығармашылықты диагностикалау және Тұлғаның когнитивті-әрекеттік стилін анықтау әдістемелерінің қазақ тіліне аударылған нұсқасы 18–22 жас аралығындағы Алматы қаласы ЖОО-ның, оның ішінде «Тұран» университеті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ Ұлттық ҚызПУ, Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-нің 80 қазақ тілді студенттерге қашықтықтан Google Forms арқылы жүргізілді. Респонденттерге алынған ақпараттардың құпиялығы сақталатыны ескертілді.

## Әдебиетке шолу

Психологиялық энциклопедияда шығармашылық ұғымы тар және кең мағынада қарастырылады.

Тар мағынадағы шығармашылық – қоғамдық-тарихи құндылыққа ие, бұрын мүлде болмаған жаңаны туындататын адамның іс-әрекеті. Л.С. Выготский былай деп жазады: «Шығармашылық – ұлы көркем туындыларды жасаған, үлкен ғылыми жаңалықтарды ашқан немесе техника саласында қандай да бір жаңалық ойлап тапқан таңдаулы адамдардың, дарындылардың еншісі» [6].

Шығармашылық кең мағынада – жаңа (іс-әрекет субъекті үшін) нәтижелер (білім, шешім, әрекет тәсілдері, материалдық өнімдер) туындайтын адамның барлық теориялық және тәжірибелік іс-әрекеті [6].

Шығармашыл тұлға – әрдайым еркін, өзін-өзі жан-жақты дамытуға дайын, бәсекелестікке қабілетті, күзиреттілігі мен белсенділігі жоғары адам. Шығармашылықпен айналысуда адамның тек ақыл-ойы ғана емес, сонымен қатар оның табандылығы, бастаған істі аяғына дейін жеткізе алуы, ойдың еркіндігі мен батылдығы, болжам жасай алуы, өз күшіне деген сенімділігі сияқты тұлғалық қасиеттері маңызды.

Шығармашылық қабілеттер – тұлғаның жеке тұлғалық және психофизиологиялық ерекшеліктері мен іс-әрекетті (жаңа мәселелерді, тапсырмаларды шешу процесі) сәтті орындауға немесе жаңа өнімнің (идея, зат, өнер туындысы, т.б.) субъективті-объективті пайда болуына алып баратын индивид үшін жаңа процесте туындайтын жаңа сапалы күйлердің (ойлаудағы, қабылдаудағы, өмір сүру тәжірибесінде, мотивациядағы өзгерістер) жиынтығы.

Жалпы тұлға бойындағы шығармашылық қабілеттерді зерттеу көптеген жылдар бойы ғалымдарды қызықтырған және XX ғасырдың екінші жартысында психология ғылымында шығармашылық қабілеттерді өлшейтін бірнеше психодиагностикалық құралдар пайда болды. Олар өз кезегінде сенімділігі мен кешенділігі жағынан сыналып та, дүние жүзі бойынша қолданылып келе жатыр. Осы әдістемелердің қатарына 1980 ж. Williams Креативтілікті бағалау топтамасын (Creativity Assessment Packet) ұсынады. Бұл топтама білім алушылардың шапшаңдық, икемділік, даму, бірегейлік, қызығушылық, қиял, тәуекел етуге бейімділік және күрделілік сияқты 8 когнитивті-аффективті модельді қамтыған. Оның мақсаты білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің «көбірек зерттелген факторларын» қамти отырып объективті бағалау болды [3]. Бұл әдістемелер топтамасына шығармашылықтың барлық аспектісін қамтымайтыны, конструктивті валидтіліктің күмәнділігі туралы сын айтылғанымен, әлі күнге дейін дүние жүзі бойынша білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін өлшеуде қолданылып келеді.

Williams ұсынған Креативтілікті бағалау топтамасы өзін-өзі жасау және өзін-өзі бағалаудың шығармашылықпен байланысын [7], түрлі мәдениет өкілдері арасындағы шығармашылық жағынан айырмашылығын [8], тұлға шығармашылығын дамыту жолдарын [9], мақсатқа жету мен шығармашылық арасындағы байланысты [10], реттеу фокусы мен мотивацияның шығармашылыққа қатынасын [11], аффективті қасиеттер мен позитивті шығармашылық арасындағы мақсаттың байланыстырушы рөлін [12], студенттердің қиял деңгейін [13] және тағы басқа құбылыстарды зерттеулерде кеңінен қолданыс тапқан.

Өзін-өзі жасау және өзін-өзі бағалаудың шығармашылықпен байланысын зерттеу қытайлық оқушыларға жүргізіліп, нәтижесінде тәуелсіз өзін-өзі жасау шығармашылық үшін пайдалы екендігі және өзін-өзі бағалаудың шығармашылықтағы тәуелсіз өзін-өзі жасауға оң әсер ететіні анықталды [7]. Тағы бір зерттеуде алға жылжу фокусының ішкі мотивация арқылы шығармашылықпен байланысатынын дәлелдеді [11].

Шығармашылық пен мақсат арасындағы зерттеулердің бірінде мақсатқа жетудің шығармашылықпен байланысын және шығармашыл өзіндік тиімділіктің осы қатынастағы медиаторлық рөлі анықталған [10]. Ал, тағы бір зерттеуде аффективті қасиеттер мен позитивті шығармашылық арасындағы мақсаттың байланыстырушы рөлі дәлелденген. Сонымен қатар, күш-жігерді үнемдейтін мақсаттың қызығушылықпен және жаңашылдықпен, ал ретті мақсаттың күрделілікпен және жаңашылдықпен оң байланысы, тәуекелге бейім қатысушылардың өз алдына әмбебап мақсаттар қоятыны анықталған [12].

Шығармашылық қабілеттерге байланысты зерттеулерге шолу жасауда байқалған барлығына ортақ нәрсе – шығармашылықтың болашаққа бағдар құрылымдарымен байланысы. Яғни, білім алушы келешекте бәсекеге қабілетті болып қалыптасуы үшін шығармашылық қабілеттердің маңыздылығын көре аламыз.

Жоғарыда аталған Креативтілікті бағалау топтамасындағы Дивергентті сезім тесті (Test of Divergent Feeling) 50 сұрақтан және 5 балдық шкаладан тұрады [7]. Әдістеме жүргізу нәтижесінде білім алушылардың тәуекелге бейімділігі, қызығушылығы, күрделі тапсырмаларға ұмтылуы және қиялы бағаланады. 1997–1999 жж. Е.Е. Туник бұл тестті орыс тіліне бейімдей отырып, жауап беру шкаласын 4 балдыққа өзгертеді. Сонымен қатар, бұл нұсқаны жастармен қатар әр түрлі жастағы ересектердің тұлғалық шығармашылығын өлшеу барысында қолдануға болады [4].

Шығармашылық қабілеттер таным, білім жолында маңызды болғандықтан, оның білім алушылардың когнитивті-әрекеттік стиліне қатынасы туралы айтпай өте алмаймыз. Өйткені, когнитивті-әрекеттік стильдер тұлғаның ақпаратты қалай қабылдап, өңдейтініне, қалай әрекет ететініне байланысты анықталады. Шығармашылық қабілеттердің когнитивті-әрекеттік стиль түрлеріне қалай әсер ететіні анықталса, болашақта алынған нәтижеге сәйкес дамыту жолдарын ұсынуға болады.

### Нәтижелер мен талқылау

Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің олардың когнитивті-әрекеттік стиліне әсер етуін эмпирикалық зерттеу барысында алынған мәліметтерді талдау 3 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңінде Тұлғалық шығармашылықты диагностикалау әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасы алғаш рет қолданылғандықтан, өлшеу құралының сенімділігін дәлелдеуде  $\alpha$ -Кронбах коэффициентін анықтадық (1-кесте).

Кесте 1 – «Тұлғалық шығармашылықты диагностикалау» әдістемесінің сенімділік статистикасы (SPSS, 23.0)

Альфа Кронбах коэффициенті	N, элементтер саны
0,700	4
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

1-кестеде көрсетілгендей,  $\alpha$ -Кронбах коэффициенті 0,7 мәніне тең. Демек, шкалалардың ішкі сәйкестігі мен сенімділігін жоғары деп бағалап, әдістемені ары қарай қазақ тілді респонденттердің шығармашылық қабілеттерін зерттеуде қолдана аламыз.

Зерттеу мәліметтерін талдаудың екінші кезеңінде Тұлғалық шығармашылықты диагностикалау және Тұлғаның когнитивті-әрекеттік стилін анықтау әдістемелері арқылы анықталған шкалалар арасында корреляциялық талдау жүргізілді. Яғни, тәуекел ету, қызығушылық, күрделілік және қиял сияқты тұлғалық шығармашылықты сипаттайтын ерекшеліктер мен ақпаратты қабылдау, қоршаған ортамен қарым-қатынас, өзінің жеке тұлғалық қабілеттеріне қатынас, жұмыс істеудегі тәсілі және идеяларды пайдалану сияқты когнитивті-әрекеттік стилін анықтайтын жүріс-тұрыс түрлері арасындағы өзара байланысқа талдау жүргізілді (2-кесте).

Кесте 2 – Студенттердің когнитивті-әрекеттік стилі мен шығармашылық қабілеттерін анықтау әдістемелерінің шкалалары арасындағы корреляциялық байланыстар матрицасы

Әдістеме шкалалары	Визуал	Аудиал	Кинес-тетик	Экстра-верт	Интро-верт	Интуит	Логик	Реттел-ген	Реттел-меген	Синтез	Анализ
Тәуекелге бейімділік	0,101	,363**	,223*	0,172	-0,13	-0,02	,411**	,238*	-0,09	,319**	,239*
Қызығушылық	0,213	-0,08	,371**	,708**	-0,21	,269*	,309**	,658**	,305**	,531**	,516**
Күрделілік	,380**	,679**	,275*	-0,12	,339**	,261*	0,06	0,032	-0,03	0,139	-0,01
Қиял	-0,15	-0,05	,272*	0,073	,310**	0,186	0,067	0,16	0,138	0,177	,400**
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.											



Когнитивті-әрекеттік стиль мен шығармашылық қабілет арасында келесі корреляциялық байланыстар анықталды (2-кесте):

1. Тәуекелге бейімділік пен аудиалды қабылдау, логикалық ойлау, синтез жасау арасында тікелей оң байланыс анықталды. Яғни, тәуекелге бейім студенттер ақпаратты есту арқылы қабылдайды, интуитивті ойлауға қарағанда логикалық тұрғыдан ойлауды дұрыс көреді және идеяларды пайдалануда синтезатор рөлін атқарады.

2. Қызығушылық шкаласы мен кинестетикалық қабылдау, экстраверттік, логикалық ойлау, қатаң тәртіппен реттелген және реттелмеген жұмыс ортасы, синтез және анализ арасында тікелей оң байланыс анықталды. Бұл тұлғада шығармашылық ерекшеліктері бойынша қызығушылық басым болғанда ақпарат кинестетикалық арна арқылы қабылданады. Мұндай адамдар көбінесе экстраверт болып келеді және ойланудың логикалық түрін таңдайды. Қатаң тәртіппен реттелген немесе, керісінше, реттелмеген ортада да жұмыс жасай алады. Ал, идеяларды пайдалануда екі тәсілді де – анализді де, синтезді де дұрыс көреді.

3. Күрделілік шкаласы мен визуалды, аудиалды қабылдау, интроверттік арасында тікелей оң байланыс анықталды. Демек, күрделі нәрселер мен идеяларға қызығушылық танытатын тұлғалар ақпаратты визуалды және аудиалды арна арқылы қабылдайды. Сонымен қатар, олар көбінесе интроверт болып келеді.

4. Қиял шкаласы мен интроверттік, анализ жасау арасында тікелей оң байланыс анықталды. Бұл қиялының дамуы айқын көрінетін тұлғалардың көпшілігі интроверт екенін білдіреді. Олар идеяларды пайдалануда анализ тәсіліне басымдық береді.

Зерттеу мәліметтерін талдаудың үшінші кезеңінде шығармашылық қабілеттердің когнитивті-әрекеттік стильге қаншалықты әсер ететінін анықтау үшін Крускал-Уоллес критерийі қолданыла отырып, салыстырмалы талдау жүргізілді. Кестеде 0,05 деңгейінде мәнді орташа ранг көрсеткіштері берілген.

Студенттердің тәуекелге бейімділігінің төмен, орта және жоғары деңгейлері бойынша олардың когнитивті-әрекеттік стильдерінің ерекшеліктерін анықтау нәтижесінде жоғары тәуекелге бейімділігі бар тұлғалар ақпаратты аудиалды және кинестетикалық арна арқылы қабылдайтыны, олардың экстраверт екендігі, логикалық ойлауға, қатаң тәртіппен реттелген ортада жұмыс жасауға, идеяларды пайдалануда анализге басымдық беретіні анықталды (3-кесте). Яғни, тыңдау немесе денесімен сезіну арқылы ақпарат қабылдайтын, белгілі бір мәселені шешуде логиканы және талдауды қолданатын, тәртіппен реттелген жерде жұмыс жасауды ұнататын, экстраверт тұлғалар әрекет ету барысында тәуекел жасауға бейімдірек болады. Ал, тәуекелге бейімділіктің төмен деңгейі интроверт тұлғалармен байланысты. Бұл олардың қоғамнан оқшаулау өмір сүруді ұнататындығынан орын алуы мүмкін.

Кесте 3 – Тәуекелге бейімділік деңгейі бойынша когнитивті-әрекеттік стиль түрлерінің мәнді айырмашылықтары (Крускал-Уоллес критерийі)

Тәуекелге бейімділік деңгейі	Орташа ранг						
	Аудиал	Кинестетик	Экстраверт	Интроверт	Логик	Реттелген	Анализ
Төмен	12,50	41,50	14,50	63,50	12,50	1,50	14,50
Орташа	39,24	37,56	39,53	37,79	38,99	40,59	38,67
Жоғары	58,50	66,00	55,50	58,50	60,75	49,50	63,00
Асимп. мән	0,019	0,004	0,050	0,021	0,009	0,032	0,005
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.							

Қызығушылық деңгейі бойынша когнитивті-әрекеттік стиль ерекшеліктерін талдау нәтижесінде қызығушылығы жоғары тұлғалар қатаң реттелген тәртіппен жұмыс жасауды артық көретін, идеяны пайдалануда анализатор мен синтезатор рөлін атқаратын экстраверт екендігі анықталды (4-кесте, 59 б. ). Яғни, қатаң тәртіппен реттелген ортада жұмыс жасауды ұнататын, ақпараттарды талдаумен қатар оны жинақтауға да басым мән беретін тұлғалар белгілі бір мәселені шешуде түрлі мүмкіндіктерді қарастыра отырып, көп ізденеді. Сонымен қатар, қызығушылықтың орта деңгейіне ие тұлғалардың басым бөлігі интроверт екендігі және

қызығушылығы төмен деңгейлі студенттердің жоқ екендігі анықталды. Бұл студенттердің алға қарай ұмтылыс, даму, ізденіс мақсатында жоғары оқу орнына түскенін айқындайды.

Кесте 4 – Қызығушылық деңгейі бойынша когнитивті-әрекеттік стиль түрлерінің мәнді айырмашылықтары (Крускал-Уоллес критерийі)

Қызығушылық деңгейі	Орташа ранг				
	Экстраверт	Интроверт	Реттелген	Синтез	Анализ
Төмен	0	0	0	0	0
Орташа	26,55	46,71	28,55	31,61	32,66
Жоғары	53,12	34,88	51,31	48,55	47,60
Асимп. мән	0,000	0,023	0,000	0,001	0,004
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.					

Күрделілік деңгейі бойынша когнитивтік-әрекеттік стиль ерекшеліктерін талдау нәтижесінде күрделіліктің жоғары деңгейі басым тұлғалар ақпаратты аудиалды арна арқылы қабылдайтыны және интуитивті ойлауға басымдық беретіні анықталды (5-кесте). Яғни, күрделі нәрселер мен идеяларға қызығушылық танытып, өз алдына қиын мақсаттар қоятын адамдар көп жағдайда ақпаратты есту арқылы қабылдайды және мәселені тұтастай қарап, креативті және жаңашыл ойлай алады. Бұл талдау бойынша да күрделілік шкаласы бойынша төмен деңгейлі студенттер жоқ екенін байқауға болады. Яғни, студенттер күрделі тапсырмаларды, мәселелерді шешкенді ұнатады және мақсатына жету жолында тұрақты екенін айта аламыз.

Кесте 5 – Күрделілік деңгейі бойынша когнитивті-әрекеттік стиль түрлерінің мәнді айырмашылықтары (Крускал-Уоллес критерийі)

Күрделілік деңгейі	Орташа ранг	
	Аудиал	Интуит
Төмен	0	0
Орташа	37,39	38,61
Жоғары	68,50	57,50
Асимп. мән	0,000	0,029
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.		

Қиял деңгейі бойынша когнитивті-әрекеттік стиль ерекшеліктерін талдау нәтижесінде қиял деңгейі жоғары студенттердің ақпаратты кинестетикалық арна арқылы қабылдайтыны, олардың экстраверт екендігі, мәселені шешуде ойлаудың интуитивті түрін қолданатыны, қатаң тәртіппен реттелеген және реттелмеген ортада жұмыс жасай алатыны, идеяларды пайдалануда анализбен қатар синтезді қолданатыны анықталды (6-кесте. 60 б.). Яғни, өзі кездеспеген құбылыстар туралы ойлап, орын алып жатқан жағдайларға ерекше көзқараспен қарайтын тұлғалар ақпаратты денесі арқылы сезінеді, белгілі бір мәселеге кеңінен қарап, креативті шешім табады, қатаң тәртіппен реттелген ортамен қатар реттелмеген ортада да жұмыс жасай береді, ақпараттармен жұмыс жасауда талдаумен қатар жинақтауға да басымдық береді. Сонымен қатар, қиял деңгейі орташа тұлғалардың интроверт екендігі анықталды. Корреляциялық талдаудың нәтижесінде де интроверттік пен қиял арасында тікелей оң байланыс анықталған болатын. Демек, интроверттердің басым көпшілігіне қиялдың орта деңгейі тән.

Аталған талдау бойынша тағы бір көрсеткіш – қиялдың жоғары және төмен деңгейінде логикалық ойлаудың шамамен бірдей болуы. Қиялы төмен және қиялы жоғары деңгейдегі тұлғалардың белгілі бір мәселені шешуде жүйелілікке, реттілікке, кезектестікке баса назар аударатындығы анықталды.

### Кесте 6 – Қиял деңгейі бойынша когнитивті-әрекеттік стиль түрлерінің мәнді айырмашылықтары (Крускал-Уоллес критерийі)

Қиял дамуының деңгейі	Орташа ранг								
	Кинес-тетик	Экстра-верт	Интро-верт	Интуит	Логик	Рет-телген	Рет-телмеген	Синтез	Анализ
Төмен	32,42	46,88	22,73	44,19	50,35	42,81	48,88	46,35	28,42
Орташа	34,36	31,39	48,96	28,55	29,31	31,26	26,53	25,09	29,07
Жоғары	51,57	48,97	37,77	53,63	50,03	50,90	54,10	56,97	59,83
Асимп. мән	0,004	0,005	0,002	0,000	0,000	0,002	0,000	0,000	0,000

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

### Қорытынды

Сонымен, студенттердің шығармашылық қабілеттерінің когнитивті-әрекеттік стиліне әсер етуін эмпирикалық зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

- ♦ F. Williams ұсынған және Е.Е. Туник модификациялаған тұлғалық шығармашылықты диагностикалау әдістемесі қазақ тіліне аударылып, сенімділігі мен шкалалардың ішкі сәйкестігі статистикалық тұрғыда дәлелденді ( $\alpha$ -Кронбах коэффициенті 0,7).

- ♦ Корреляциялық талдаудың нәтижесінде тәуекелге бейімділік пен ақпаратты аудиалды қабылдау, логикалық ойлау, синтез жасау арасында; қызығушылық пен ақпаратты кинестетикалық қабылдау, анализ, синтез жасау, экстраверттік, логикалық ойлау, қатаң тәртіппен реттелген және реттелмеген ортада жұмыс жасау арасында; күрделілік пен визуалды, аудиалды қабылдау, интроверттік арасында; қиял мен ақпаратты анализ жасау, интроверттік арасында тікелей оң байланыс екендігі анықталды.

- ♦ Шығармашылық қабілеттердің деңгейі бойынша когнитивті-әрекеттік стиль түрлерін салыстыруда Крускал-Уоллес критерийі қолданылып, нәтижесінде жоғары тәуекелге бейімділігі бар тұлғалар ақпаратты аудиалды және кинестетикалық арна арқылы қабылдайтыны, олардың экстраверт екендігі, логикалық ойлауға, қатаң тәртіппен реттелген ортада жұмыс жасауға, идеяларды пайдалануда анализге басымдық беретіні; қызығушылығы жоғары тұлғалар қатаң реттелген тәртіппен жұмыс жасауды артық көретін, идеяны пайдалануда анализатор мен синтезатор ролін атқаратын экстраверт екендігі; күрделіліктің жоғары деңгейі басым тұлғалар ақпаратты аудиалды арна арқылы қабылдайтыны және интуитивті ойлауға басымдық беретіні; қиял деңгейі жоғары студенттердің ақпаратты кинестетикалық арна арқылы қабылдайтыны, олардың экстраверт екендігі, мәселені шешуде ойлаудың интуитивті түрін қолданатыны, қатаң тәртіппен реттелген және реттелмеген ортада жұмыс жасай алатыны, идеяларды пайдалануда анализбен қатар синтезді қолданатыны анықталды.

Эмпирикалық зерттеу нәтижесін педагог-психологтар, ЖОО оқытушылары мен зерттеушілер қолдана алады. Алдағы уақытта осы тақырыпты үлкен таңдау тобында және әр шығармашылық қабілет ерекшелігі мен когнитивті-әрекеттік стиль арасындағы байланысты кеңінен зерттеу ұсынылады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Dangmei Janguanglung, Singh Amarendra. Understanding the generation Z: the future workforce. 2016, no. 3, pp. 1–5.
- 2 Жарықбаев Қ.Б. Жантану оқулығы. – Алматы: «Эверо»: 2010. – 696 б.
- 3 Cooper E. A critique of six measures for assessing creativity. The Journal of Creative Behavior. 1991, no. 25(3), pp. 194–204. URL: <https://doi.org/10.1002/j.2162-6057.1991.tb01370.x>
- 4 Туник Е.Е. Диагностика личностной креативности // Все профессиональные психологические тесты. URL: <https://vsetesti.ru/31/>



- 5 Касымжанова А.А., Ахан Қ.О. Л. Ребекканың “Когнитивті-әрекеттік стильді зерттеу” әдістемесінің қазақ тіліне бейімделуі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы. – 2020. – № 2(63). – 36–45 б.
- 6 Мещеряков Б.Г., Зинченко В.П. Большой психологический словарь. – 4-е изд., расширенное / СПб.: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2009. – 811 с.
- 7 Wang Yan, Wang Ling. Self-construal and creativity: The moderator effect of self-esteem // *Personality and Individual Differences*. 2016, no. 99, pp. 184–189. DOI: 10.1016/j.paid.2016.04.086.
- 8 Rosella Tomassoni, Eugenia Treglia, Manuela Tomao. Creativity across Cultures: A Comparison between Ugandan and Italian Students // *Creativity Research Journal*. 2018, no. 30:1, pp. 95–103. DOI: 10.1080/10400419.2018.1411565
- 9 Um Albaneen Yusuf Jamali. Fostering creativity using robotics among gifted primary school students // *Gifted and Talented International*. 2020. DOI:10.1080/15332276.2020.1711545
- 10 Kaiye Du, Yan Wang, Xuran Ma, Zheng Luo, Ling Wang, Baoguo Shi. Achievement goals and creativity: the mediating role of creative self-efficacy // *Educational Psychology*. 2020. DOI: 10.1080/01443410.2020.1806210
- 11 Wang L, Cui Y, Wang X, Wang J, Du K., Luo Z. Regulatory Focus, Motivation, and Their Relationship With Creativity Among Adolescents // *Front. Psychol*. 2021, no. 12:666071. doi: 10.3389/fpsyg.2021.666071
- 12 Wang H.-H., Deng X. The Bridging Role of Goals between Affective Traits and Positive Creativity // *Educ. Sci*. 2022, no. 12, p. 144. URL: <https://doi.org/10.3390/educsci12020144>
- 13 Li Cui-Ping, Lian-Ping He. Trait creativity among midwifery students: a cross-sectional study // *Revista da Associação Médica Brasileira*. 2023, no. 69. DOI: 10.1590/1806-9282.20221355

## REFERENCES

- 1 Dangmei Jianguanglung, Singh Amarendra. (2016) Understanding the generation Z: the future workforce, no. 3, pp. 1–5. (In English).
- 2 Jaryqbaev Q.B. (2010) Jantanu oqulygy. Almaty: «Evero». 696 p. (In Kazakh).
- 3 Cooper E. (1991) A critique of six measures for assessing creativity. *The Journal of Creative Behavior*, no. 25(3), pp. 194–204. URL: <https://doi.org/10.1002/j.2162-6057.1991.tb01370.x>. (In English).
- 4 Tunik E.E. Diagnostika lichnostnoj kreativnosti // *Vse professional'nye psihologicheskie testy*. URL: <https://vsetesti.ru/31>. (In Russian)./
- 5 Kasymjanova A.A., Ahan Q.O. (2020) L. Rebekkanyñ “Kognitivti-äreketтік stildı zertteu” әдістемесінің qazaq tiline beıımdelıı // *Abai atyndağy QazÜPU Habarşysy. Psihologia seriasy*. No. 2(63). 36–45 p. (In Kazakh).
- 6 Meshherjakov B.G., Zinchenko V.P. (2009) *Bol'shoj psihologicheskij slovar'*. 4-e izd., rasshirennoe / SPb.: Prajm-EVROZNAK, 811 p. (In Russian).
- 7 Wang Yan, Wang Ling. (2016) Self-construal and creativity: The moderator effect of self-esteem // *Personality and Individual Differences*, no. 99, pp. 184–189. DOI: 10.1016/j.paid.2016.04.086. (In English).
- 8 Rosella Tomassoni, Eugenia Treglia, Manuela Tomao. (2018) Creativity across Cultures: A Comparison between Ugandan and Italian Students // *Creativity Research Journal*, no. 30:1, pp. 95–103. DOI: 10.1080/10400419.2018.1411565. (In English).
- 9 Um Albaneen Yusuf Jamali. Fostering creativity using robotics among gifted primary school students // *Gifted and Talented International*. 2020. DOI:10.1080/15332276.2020.1711545. (In English).
- 10 Kaiye Du, Yan Wang, Xuran Ma, Zheng Luo, Ling Wang, Baoguo Shi. (2020) Achievement goals and creativity: the mediating role of creative self-efficacy // *Educational Psychology*. DOI: 10.1080/01443410.2020.1806210. (In English).
- 11 Wang L, Cui Y, Wang X, Wang J, Du K., Luo Z. (2021) Regulatory Focus, Motivation, and Their Relationship With Creativity Among Adolescents // *Front. Psychol*, no. 12:666071. doi: 10.3389/fpsyg.2021.666071. (In English).
- 12 Wang H.-H., Deng X. (2022) The Bridging Role of Goals between Affective Traits and Positive Creativity // *Educ. Sci*, no. 12, p. 144. URL: <https://doi.org/10.3390/educsci12020144>. (In English).
- 13 Li Cui-Ping, Lian-Ping He. (2023) Trait creativity among midwifery students: a cross-sectional study // *Revista da Associação Médica Brasileira*, no. 69. DOI: 10.1590/1806-9282.20221355. (In English).

**К.О. АХАН,\*<sup>1</sup>**

докторант.

\*e-mail: karkara.akhan@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-3144-5494

**А.А. КАСЫМЖАНОВА,<sup>1</sup>**

к.психол.н., профессор.

e-mail: a.kassymzhanova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-5802-5129

<sup>1</sup>Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

## **ВЛИЯНИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ НА КОГНИТИВНО-ДЕЯТЕЛЬНОСТНЫЙ СТИЛЬ У СТУДЕНТОВ**

### **Аннотация**

В статье представлены результаты эмпирического исследования влияния творческих способностей на когнитивно-деятельностный стиль у студентов. В ходе исследования сделан обзор научной литературы и показана актуальность темы. Данное исследование проведено на 80 казахоязычных студентах вуза в городе Алматы. В ходе исследования использовались методики Диагностики личностной креативности (F. Williams, модификация: Э.Э. Туник) и Исследования когнитивно-деятельностного стиля (Л. Ребекка;  $\alpha = 0,927$ ). Коэффициент  $\alpha$ -Кронбаха метода диагностики креативности личности, применяемого впервые на казахском языке, определен равным 0,7 и статистически доказана его достоверность. В результате корреляционного анализа были обнаружены прямые положительные связи между такими параметрами творческих способностей, как склонность к риску, любознательность, сложность и воображение, и типами когнитивно-поведенческого стиля. А также с использованием критерия Крускала-Уоллеса для каждой шкалы определялась модель когнитивно-поведенческого стиля. Результаты исследования могут быть использованы педагогами-психологами и исследователями при работе с казахоязычными респондентами.

**Ключевые слова:** творческие способности, когнитивно-деятельностный стиль, поколение Z.

**К.О. AKHAN,\*<sup>1</sup>**

PhD student.

\*e-mail: karkara.akhan@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-3144-5494

**A.A. KASSYMZHANOVA,<sup>1</sup>**

Candidate of psychological sciences, professor.

e-mail: a.kassymzhanova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-5802-5129

<sup>1</sup>Turan University,

Almaty, Kazakhstan

## **THE INFLUENCE OF CREATIVE ABILITIES ON THE COGNITIVE-ACTIVITY STYLE OF STUDENTS**

### **Abstract**

The article presents the results of an empirical study of the influence of creative abilities on the cognitive-activity style of students. In the course of the study, a review of the scientific literature was made and the relevance of the topic was shown. This study was conducted on 80 Kazakh-speaking university students in the city of Almaty. In the course of the study, the methods of Diagnostics of Personal Creativity (F. Williams, modification: E.E. Tunick) and the Study of Cognitive-Activity Style (L. Rebecca;  $\alpha = 0.927$ ) were used. The  $\alpha$ -Cronbach coefficient of the method Diagnostics of Personal Creativity, used for the first time in the Kazakh language, is determined to be 0.7 and its reliability has been statistically proven. As a result of the correlation analysis, direct positive relationships were found between such parameters of creative abilities as risk taking, curiosity, complexity and imagination, and types of cognitive-activity style. Also, a cognitive-activity style model was determined for each scale by using the Kruskal-Wallace criterion. The results of the study can be used by educational psychologists and researchers when working with Kazakh-speaking respondents.

**Key words:** creative abilities, cognitive activity style, Z-generation.